

## 2013 жылы Федоров ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 27 наурыздағы № 96 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 10 сәуірде № 4089 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 28 мамырдағы № 186 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 28.05.2013 № 186 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабы 5) тармақшасына, 20-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген, Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне сәйкес Федоров ауданының әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Қоса берілген ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және нақты жағдайлары, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбекақы төлеу нақты орындалған жұмыстар үшін ең төменгі айлық жалақының 1,5 мөлшерінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізілсін.

3. Еңбекақы төлеуге, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мөлшерде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдарды төлеу, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға тиесілі жалақыны есептеу және төлеу бойынша екінші деңгейдегі банктердің қызметтеріне комиссиялық сыйақы төлеуге арналған шығындар жергілікті бюджет қаражаты есебінен өтелетіні белгіленсін.

4. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру "Федоров аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі және тізбеде белгіленген ұйымдар арасында, қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасалған

қоғамдық жұмыстарды орындауға арналған шартта көрсетілген жағдайларда жүргізілсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. Қ. Өтегеновке жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Федоров ауданының әкімі

Қ. Ахметов

КЕЛІСІЛДІ:

Қ о с т а н а й о б л ы с ы  
ә к і м д і г і н і ң д е н с а у л ы қ  
с а қ т а у б а с қ а р м а с ы  
" Ф е д о р о в а у д а н д ы қ  
о р т а л ы қ а у р у х а н а с ы "  
к о м м у н а л д ы қ м е м л е к е т т і к  
к ә с і п о р ы н н ы ң  
б а с д ә р і г е р і

\_\_\_\_\_ Л. Финк

" А қ ж а н ж ә н е б і з "  
ж а у а п к е р ш і л і к  
ш е к т е у л і с е р і к т е с т і к  
д и р е к т о р ы

\_\_\_\_\_ Р. Байменов

" Ф е д о р о в а у д а н д ы қ  
ж ұ м ы с п е н қ а м т у ж ә н е  
ә л е у м е т т і к б а ғ д а р л а м а л а р  
б ө л і м і " м е м л е к е т т і к  
м е к е м е с і н і ң б а с т ы ғ ы

\_\_\_\_\_ Т. Волоткевич

" Ф е д о р о в а у д а н ы н ы ң  
қ а р ж ы ж ә н е э к о н о м и к а  
б ө л і м і " м е м л е к е т т і к  
м е к е м е с і н і ң б а с т ы ғ ы

\_\_\_\_\_ В. Гринак

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 3 ж ы л ғ ы 2 7 н а у р ы з

№ 9 6 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және нақты жағдайлары, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері**

№	Ұйымның атауы	Жұмыс түрлері	Жұмыс көлемі (сағат)	Еңбекақы төлеу	Жұмыстардың нақты жағдайлары
1.	"Ақжан және біз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қызметкердің алдына ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, аумақты жинауда, елді мекендерді абаттандыруға қатысу, әлеуметтік-мәдени мақсатындағы объектілердің, тарихи-сәулеттік ескерткіштердің, кешендердің ағымдағы жөндеу жұмысына қатысу	39072	Ең төменгі айлық жалақының 1,5	Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен ескерілген шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес, екі демалыс күнімен, бір сағаттан кем емес түскі үзіліспен
2.	Қостанай облысы әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасының "Федоров аудандық орталық ауруханасы" коммуналдық мемле-	Қызметкердің алдына ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін жинауға көмек көрсету ауруханалық кешеннің аумағын абаттандыруға қатысу, қоршауларын сырлау, өндірістік жайлардың,	2288	Ең төменгі айлық жалақының 1,5	Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен ескерілген шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес,

кеттік кәсіпор- ны	сыртқы бырғаларын ақтау	қа-	екі демалыс күнімен, бір сағат- тан кем емес түскі үзіліспен.
--------------------------	-------------------------------	-----	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК